2025–2026 оқу жылына ата-аналарға үй жағдайында педагогикалық-психологиялық кеңес беру пункт есебі

2025–2026 оқу жылы барысында кеңес беру пункті ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізді. Жұмыстың негізгі мақсаты – баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, ата-ана құзыреттілігін арттыру және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту болды.

Жыл бойы 9 тақырыптық кездесу, тренинг, кеңес беру және ашық есік күні ұйымдастырылды.

Ата-аналарға баланың күн тәртібін сақтау, эмоционалдық қолдау көрсету және отбасылық жағымды атмосфера қалыптастырудың маңызы түсіндірілді. Психологиялық тренингтер өткізілді.

Баланың жас ерекшелігіне сәйкес даму заңдылықтары түсіндіріліп, ата-аналарға практикалық кеңестер берілді. Психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.

Ашық есік күні барысында дамытушы ойындар көрсетіліп, ата-аналарға ойын арқылы баламен қарым-қатынас орнату жолдары түсіндірілді. Логопедиялық және психологиялық кеңестер берілді.

Жылы сөз, сөйлеу әдебі, отбасылық әңгімелесу дәстүрі бойынша тренингтер ұйымдастырылды. Ата-аналардың сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Дұрыс тамақтану, қимыл-қозғалыс белсенділігі және денсаулықты нығайту жолдары қарастырылды. Практикалық жаттығулар көрсетілді.

Сөйлеу жаттығулары, сөздік қорды байыту және тұйық балалармен жұмыс тәсілдері түсіндірілді. Жеке кеңестер берілді.

Ұлттық ойындар, салт-дәстүр және музыкалық-би элементтері арқылы тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар белсенді қатысты. Ертегі оқу, қиялды дамыту, көркем әдебиетке қызығушылықты арттыру бағытында жұмыс жүргізілді.

Жылдық жұмыс қорытындыланып, ата-аналарға есеп берілді.

Жыл бойы жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

- ата-аналардың педагогикалық-психологиялық сауаттылығы артты;
- бала тәрбиесіндегі отбасы рөлі күшейді;
- балалардың сөйлеу, танымдық, дене және әлеуметтік дамуы туралы кеңестер берілді.
- балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайды.

Кеңес беру пунктінің жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде орындалды. Барлық мамандардың бірлескен жұмысы нәтижесінде ата-аналармен тиімді байланыс орнатылып, тәрбиелік бағыттағы жұмыстар сапалы жүргізілді.